



# МҰНАЙЛЫ

Газет 2009 жылдың  
01 мамырынан  
шығарды



“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№02 (65), сәуір, 2015 жыл

# ӘЛКЕ

## 26 СӘУІР

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

**БІЗДІҢ ДАУЫСЫМЫЗ МАҢЫЗДЫ!  
НАШ ГОЛОС ВАЖЕН!**



## 26 АПРЕЛЯ

### ВЫБОРЫ

### ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# Біз Елбасын таңдаймыз! Біз Елбасымен біргеміз!

## Құрметті мұнайшылар!

Баршамызға белгілі, ағымдағы жылдың 26 сәуірінде Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтеді. Сондықтан да баршаңызды осы саяси науқанға белсенді қатысуға шақырамын.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың басшылығымен талай белестерді бағындырдық, әлем алдында еліміздің беделі өсті. Нұрсұлтан Әбішұлы экономикамыздың гүлденуіне, халқымыздың жағдайының жақсаруына, білім мен ғылымды дамытуда, ұлттар арасындағы бірлікті нығайтуда, әлеуметтік тұрақтылықтың берік орнығуына ұйытқы болды. Халқымыз да әрқашан шешуші сәттерде елін бақтаған көсемінің маңна шоғырланып, кез келген сын-қатерлерге бір адамдай қарсы тұра алды. Мұның барлығы елдегі ауызбіршілік пен татулықтың жемісі. Сондықтан да, болашақты ойлаған еліміздің әрбір азаматы мұндай байыпты қадамды қолдайды деп сенемін.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды әлем таныған әлеуетті елдер деңгейіне көтерді. Экономиканы өркендетіп, өркениет талабына сай мектептер мен денсаулық сақтау ғимараттары, мәдениет ошақтары, спорт сарайлары бой көтерді. Мұның барлығы бізді қуантады. Елбасының 2050 бағдарламасында айтылғандай, «Дамыған 30 мемлекеттің» қатарына ену бағытында мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Моноқалалар қалпына келтіріліп, инновациялық жобалар іске асырылуда. Осының барлығы Елбасының көмеңгерлігі, ұшқыр ойлылығы, беделі мен айбары және еңбегінің жемісі деп есептеймін.

Қазақстан халқына Жолдауда да Мемлекет басшысы болашақ бағытымызды, атқаратын нақты жұмыстар мен міндеттерді айқындап берді. Ал, экономикамыз одан әрі даму мен гүлденудің негізі бола алатын «Нұрлы Жол» бағдарламасының да сәтті жүзеге асыуына Елбасының тікелей басшылығымен ғана қол жеткізе алатынымыз хақ. Мемлекеттегі бірлік пен тұрақтылық елдің жауапты таңдауы. Сондықтан да баршамызды алдағы сайлауға белсенді аталысуға және Қазақстандағы тыныштық пен келісімді сақтау үшін дауыс беруге шақырамын.

Дана халқымыз: «Теңіз тамшыдан құралады» дейді. Сол себептен елдің болашақ тағдыры біздің әрбіреуіміздің дұрыс таңдауымыз мен шешімімізге байланысты. Өйткені елдің



ертегі бүгінге қалады. Елімізді жарқын болашаққа бастайтын қосбасшымызды бірге таңдауға үндемің. Және қиын да күрделі, әлемдік тұрақсыздық белең алып отырған қазіргі заманда Мемлекет басшысына сенім артудың еліміз үшін маңызы зор деп есептеймін.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы күнінен-ақ Елбасымыз еліміздің мұнай өнеркәсібіне әлемнің алдыңғы қатарлы инвесторлары мен үздік технологияларын отандық өндіріске әкелуге күш салды. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін және экономиканы сыртқы қолайсыз жағдайлардан қорғау үшін Ұлттық қор құрылды. Шикізаттық экспорттан түскен табыс Ұлттық қорға құйылды. Бүгінгі қалыптасып отырған қаржы дағдарысы кезеңінде маңызды салаларды дамытуға, экономикаға серпін беруге мүмкіндік тудырып отырған осы Ұлттық қордағы миллиардтаған қаражат Нұрсұлтан Әбішұлының көрегенділігі мен ұтымды саясатының жемісі.

Нұрсұлтан Әбішұлы күллі әлемнің назарын Қазақстанға бұрып берген қайраткер, бір қоғамнан екінші қоғамға өтер тұсты аластырыпана елді адастырмай, жол жерден жол тауып, мемлекетті құлдырау апатынан алып қалған тұлға.

Елбасының саясатымен жүріп келе жатқан еліміздің осы

күнге дейін жинақтаған күш-қуаты жаһандық дағдарысқа қарсы тұрып, бұл жолы да халқымызды қиындықтан алып шығуға мүмкіндік береді деп сенемін.

«Алту ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді». Қазақтың бірлігі, әрі оның мәңгілік ел болып қалыптасуы тек қазақтың қажыр-қайраты мен бірлігіне және елін басқарған азаматына тікелей байланысты.

Сондықтан да, құрметті мұнайшылар, Сіздерді алмағайып заманда тығырықтан алып шығатын кемеңгер, ұшқыр ойлы, бүкіл әлем мойындаған саясаткер, Тәуелсіз Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының кандидатурасын қолдайды деп есептеймін. Баршамызды қолдағы барды бағалап, жұмылың еңбек етіп, саяси науқанға белсене қатысып, дұрыс таңдау жасап, Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттерді орындауға шақырамын.

Елбасы: «Жастар – біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келеді. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігері жұмсап, құлаш сермейтін тусы осы!

Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты шебеі – бірлік, берекесі – деп, жастарға сенім арта сөйледі. Саяси науқанға жастар да белсене қатысып, болашақ үшін таңдау жасауы керек.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымын және Жетібай кенорындағы еншілес серіктестіктер мұнайшыларын Қазақстан Республикасының Президентінің кандидаты Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты бірауыздан қолдауға шақырамын! Сайлауда «Бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай» ауызбіршілікте дауыс берейік!

Нұрсұлтан Әбішұлының «Ел көшін бастау – маған сын, мені қостау-елге сын» деген сөзі бар. Президентіміз қазақ елін талай сындардан алып шығып келеді, біздің серт – бүкілхалықтық таңдау жасайтын түста елдің ертеңіне дауыс беру. Осы істе баршамызға үлкен жігер, намысқойлық, ұйымшылдық тілеймін, қадірлі мұнайшылар!

**Халық – бірлеу, Елді, Елдің тағдыры – біреу! Елім деген Ердің соңына ерейік!**

ҚР Президенттің кандидаты  
Н. Н. Назарбаевтің сенімді өкілі,  
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ  
бас директорының бірінші орынбасары  
Б.А. Иманбаев

## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің 6 – 12 жас балалары арасындағы «Ата-анамның таңдауы-менің бақытты болашағым» атты көркем сурет байқауының Ережесі

1. Аталмыш Ереже «Ата-анамның таңдауы-менің бақытты болашағым» тақырыбында көркем сурет байқауының тәртібі мен шартын реттейді.

### 2. Байқау мақсаты:

- Мұнайшылар мен компания қызметкерлерінің дарынды балаларына қолдау көрсету;
- Балалардың эстетикалық тәлім – тәрбиесі;
- Балалардың бойындағы шығармашылық қабілетін дамыту, таным көкжиегін кеңітуге ықпал ету;
- Балалардың және ата-анасының азаматтық белсенділігін қалыптастыру;
- Мұнайшылар мен компания қызметкерлері үшін сайлаудың маңыздығын насихаттау.

### 3. Байқауға қатысу шарттары:

Конкурсқа 6 – 12 жасқа дейінгі балалар қатыса алады және қатысушының ата-анасы немесе туысы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкері болуы тиіс.

Суретті кез-келген құралдармен: қалам, гуашь, қаламсап, акварель, графикалық сурет, компьютерлік графикамен орындауға болады: комикс, плакат, сюжеттік сурет жанрларына еркіндік беріледі. Суретте шақыру, ұран, үндеуді қолдануға болады.

Байқауға қатысушының ұсынылатын суреті кез-келген бейнелеу үрдісте және А4 форматта болуы тиіс. Суреттің өз жақ төменгі бөлігінде қатысушының аты-жөні мен жасы, ата-анасының немесе туысының жұмыс орны, қызметі жазылады. Ұсынылатын сурет аталған тақырыпқа сай болуы керек.

Жасалған жұмыстар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас ғимаратындағы 414-кабинетке немесе [mng.maman@mail.ru](mailto:mng.maman@mail.ru) электронды жөшікке жіберілуі тиіс.

Байқауға ұсынылатын әр суреттің қасында қолданатын анықтама парақшасы болу керек. Парақшада баланың аты жөні, ата-анасы немесе туысының байланыс телефоны жазылады.

Барлық сурет ашық түрде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар Кеңесінің әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланады.

### 4. Байқауды ұйымдастырушы:

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар Кеңесі. Байқауға жіберілген барлық суреттер автордың рұқсатынсыз жарияланады. Байқау сәуір айының 6 - 17 аралығында өтеді. Байқау қорытындысы бойынша 18 сәуірде, ал 20 сәуірден бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ғимараттарында көрме ұйымдастырылады.

### 5. Байқауға қатысушылардың басты шарттары:

- Берілген жұмыстар байқаудың талап-мақсаттарына сай болуы;
  - Көркемдік орындалуы;
  - Креативті (жаңа ой мен ерекшелік, шығармашылық көзқарас пен ойдың ұшқырлығы);
  - Жұмыстың сапасы (композиция, колданатын түстердің гармониялық үйлесуі, туындының қанықтылығы және анықтығы);
  - Қатысушының тәрбиелік және эмоционалдық дәрежесіне әсер ету.
6. Байқауды ұйымдастыруға және үздік туындыны анықтауға арнайы қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының міндеттері:
- Бекітілген талаптарға сай туындыларды қабылдау;
  - Байқаудағы туындыға баға беру;
  - Байқау жеңімпаздарын анықтау;
  - Дипломдарды белгілеу;
  - Байқау жеңімпаздарын салтанатты түрде дипломдар мен сыйлықтар табыстауды ұйымдастыру.

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы 3 жүлделі орынды анықтайды. Жаңа ой мен өзіндік ерекшелік, жаңа шығармашылық көзқарас пен ойдың ұшқырлығы үшін арнайы сыйлықтар бар!  
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі

## «Аманат пен Ақ Махаббатқа, Ескерткіш боп тұрсын Ай-Ана...» облыс компаниялары қызметкерлері арасындағы жас ақындар мүшәйрасының Ережесі

### Жалпы ережелер.

- «Аманат пен Ақ Махаббатқа, Ескерткіш боп тұрсын Ай-Ана...» атты облыс компаниялары қызметкерлері арасындағы жас ақындар мүшәйрасы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына арнап өткізіледі.
- Байқаудың ұйымдастырушылары — «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандары кеңесі

### Мүшәйраның мақсаты:

- Ұлы Отан соғысы жылдарында майданнан жары мен ұлдарын күткен, тылда еңбек еткен, аманат, жетім ұрпақты жеткізген аналардың ерлігі мен еңбегін жас ұрпаққа насихаттау;
- Ұлы Отан соғысының жеңісін мадақтау, жауынгерлердің ерлігін, ел тарихын жыр жолдары арқылы қалың қауымға насихаттау;
- Жастарды патриоттыққа тәрбиелеу;
- Жұмысшы жастар арасындағы таланттарды танып, олардың шығармашылық ізденісін ұлғайту;
- Дарынды жастардың шеберлігін шыңдап, өлеңге деген ынтасын ояту.

### Мүшәйра тақырыптары:

1. Ай-Ана ескерткіші - майданда жарлары мен ұлдары қаза болған Маңғыстау Аналарына орнатылған символдық ескерткіш. Осы тақырыпта арналған арнау (1 өлең)
2. Жеңіс туралы (1 өлең)
3. Еркін тақырыпта (бейбіт күн, тәуелсіздік тақырыбын Жеңіспен ұштастыру). (1 өлең)

Мүшәйраны ұйымдастыру және өткізу тәртібі, мерзімі.

1. 30 сәуірге дейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ғимаратында байқау жұмыстары қабылданады.
2. 7 мамырда әділ-қазылар алқасының сараптау қорытындысы шығарылады, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтеді.

### Мүшәйраның шарттары:

Мүшәйраға Маңғыстау облысы аумағында орналасқан компаниялардан 18-35 жас аралығындағы ақындар қатыса алады.

Байқауға қатысушылар мүшәйра Ережесіне сәйкес поэзиялық шығармаларын тапсыра алады. Байқауға келіп түскен өлеңдер алдын ала қазылар алқасының талқылауынан өтіп, іріктелді. Сұрыптаудан өткен өлеңдер ғана байқаудың қорытынды кешіне шақырту алып, марапаттау салтанатына қатыса алады. Марапаттау кешінде жүлделі үш орынға және мыталадыру орындарына не болған

өлеңдердің авторлары өз шығармаларын мәнерлеп жатқа оқулары міндет.

### Мүшәйраның талаптары:

Үміткердің өлеңді ұйқастыру қабілетіне, тақырыптан ауытқымай, сахнада өзін-өзі ұстау шеберлігіне, ким киісіне талап қойылады.

Мүшәйраға қатысушы талапкер берілген тақырыптарға сай бұрын ешбір жерде жарияланбаған, бұған дейін ешбір байқауға қатыспаған авторлық өлеңдерін ұсынады.

Авторлар өлеңдерінің электронды нұсқасын және автор өзі туралы толық мәліметті, байланыс нөмірлерін, мүшәйраға қатысу туралы сұранысты төмендегі ұлғ бойынша тоқтырып, [mng.maman@mail.ru](mailto:mng.maman@mail.ru) электронды поchtасына жолдайды.

Мүшәйраға қатысу үшін жолданған құжаттар кері қайтарылмайды және ұйымдастыру алқасының авторлардың өлеңдерін БАҚ беттерінде, жинаққа жариялауға құқы бар.

Өлеңдер мен өтініштер 2015 жылдың сәуір айының 30-на дейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ғимаратында қабылданады.

Қатысушылар өлеңдерін мына мекенжайға жіберуі керек: Ақтау қаласы, 6-ші/1-үй, «ММГ» АҚ.

Байланыс телефондары:  
8 (7292) 211-13-36  
Шығыс 8 (701) 708 96 78  
Берік 8 (702) 110 00 22

### Жеңімпаздарды марапаттау:

Жеңімпаздың жеңімпаздары І, ІІ, ІІІ дәрежелі Дипломдармен, Алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтар мен марапатталады.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Маңғыстау ауданы Оңды селосындағы Ай-Ана ескерткіші жанында 2015 жылдың 7 мамыр күні сағат 11.00-де өтеді.

Мүшәйраның қорытындысы бойынша «Аманат пен Ақ Махаббатқа, Ескерткіш боп тұрсын Ай-Ана...» атты мультимедиялық жинақ басып шығарылады.

### Сұраныс үзгісі

№/с	Сипаты	Мәлімет
1	Автордың толық аты-жөні	
2	Автордың бүркеншік аты	
3	Туған жылы, айма, күні	
4	Жұмыс орны	
5	Мекенжайы	
6	Байланыс нөмірі	

# НҰРЛЫ БОЛАШАҚ ҮШІН БІРІГҮ

26 наурыз күні Қазақстан Президенттігіне үміткерлерді қолдау мақсатында үгіт-насихат шаралары бастау алды. Сол күні Қаламқас кенорнында "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ және еншілес ұйымдар - "ОСК" ЖШС, "ОСС" ЖШС, "ОТК" ЖШС, "МЭМ" ЖШС, "Мұнайтелеком" ЖШС-лары еңбек жұмыстарының ҚР Президенттігіне үміткер Нұрсұлтан Назарбаевты қолдауға арналған жиналысы болып өтті.



ҚР Президенттігіне үміткер Нұрсұлтан Назарбаевтың сенімді өкілі "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев жиналғандарға қарата, бұл кездесу еліміз бен әрбір қазақстандық үшін маңызды тарихи оқиға қарсаңында өтуде, 26 сәуір күні Қазақстанның болашағы үшін азаматтар өз таңдауын жасау мүмкіндігі тұрғандығын атап өтті.

Бақыт Иманбаев бүкіл мұнайшыларды сайлауға белсенді түрде қатыса отырып, өз дауыстарын ҚР Президенттігіне үміткер Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс беруге шақырды:

- Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды әлемдік ұйымдар мойындаған даму мүмкіншілігі жоғары елдердің қатарына жеткізді. Еліміздің экономикасы қарыштап дамуда, қазіргі заманға сай білім беру ошақтары мен денсаулық сақтау нысандары салынууда, мәдениет және спорт кешендері қалануда. Президенттің бастамасымен бүгінгі таңда ел экономикасының іргесін берік ұстап тұрған Ұлттық қор құрылды. Президенттің "Қазақстан-2050" бағдарламасында айтылғандай, еліміз дамыған 30 елдің қатарына ену үшін қоғамның әлеуметтік-экономикалық салалары үздік еңбек етуде. Моноқалалар қалпына келтірілуде, инновациялық жобалар қолға алынууда. Өздеріңіз білетіндей, мемлекетімізде халықаралық көрме "ЭКСПО-2017" өткізілу қолға алынып, оған жан-жақты дайындықтар жүргізілуде. Міне, бұның барлығы Елбасымыздың сарабалда да көрген саясатының, толассыз еңбегінің жемісі деп есептеймін.

Мұнайшылар облыстық қоғамдық штаб мүшелері тарапынан айтылған үндеулерді құлшына қабылдады. Соның ішінде "ОСК" ЖШС қызметкері Игілік Түлепов алдағы сайлауда әрбіреуіміз азаматтық ұстанымдарымызды танытып, бейбіт болашақ пен тұрақты, гүлденген Қазақстан үшін дауыс беруіміз керек. Ал

тұрақтылықтың және ертеңгі болашағымызға сенімділіктің кепілі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екенін айтып, өз ойын білдірді.

ҚР Президенттігіне үміткер Нұрсұлтан Назарбаевтың сенімді өкілі,



"Қаламқасмұнайгаз" ӨБ қызметкері, жас мұнайшы, облыстық ақындар мүшайрасының жеңімпазы Райымбек Түзелов Ұлт көпбасшысына деген лебізін өлеңмен білдірді. Баріңізге белгілі, Елбасымыз қазақстандық жас ұрпақтың дамуына айрықша мән беріп келеді. Жаңа экономикалық саяси "Нұрлы Жол" бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан игі істердің барлығы да осы жас қазақстандықтардың әлеуетін арттыру үшін жұмыс жасауда.

Кездесу қорытындысы бойынша, Жетібай мұнайшылары, алдағы сайлауға белсенді түрде қатысып, тұрақты, дамыған, бейбіт Қазақстан үшін дауыс береміз деп сендірді!

шақырамын! Сайлауда «Бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай» ауызбіршілікте дауыс берейік дегенін атап өтті.

Нұрсұлтан Әбішұлының «Ел көшін бастау – маған сын, мені қостау-елге сын» деген сөзі бар. Президентіміз қазақ елін талай сындардан алып шығып келеді, біздің серт – бүкілхалықтық таңдау жасайтын тұста елдің ертеңіне дауыс беру. Осы істе баршаның да үлкен жігер, намысқойлық ұйымшылдық тілеймін, қадірлі мұнайшылар!

ҚР Президенттігіне үміткер Нұрсұлтан Назарбаевтың сенімді өкілі, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Басқармасының кеңесшісі Орақ Машырық Байболұлы,



"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ "Нұр Отан" бастауыш партиялық ұйымының төрайымы Қымбат Иманқұлова да мұнайшыларды Елбасыға дауыс беруге шақырды, себебі Президентіміздің арқасында экономикалық жетістіктерге жетіп қоймай, сонымен қатар басты рухани құндылықтарымыз: халықтар арасындағы достастық пен толеранттылықты, бейбітшілік пен келісімді сақтап қалып отыр.

Кездесуге "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Жас Мамандар Кеңесі белсенді қатысып, өз күштерімен дайындаған ойын-сауық бағдарламаларын назарға ұсынды.

Дәл осындай кездесу 3 сәуір күні Жетібай кенорнында орын алды.

Жиналғандар алдында сөз сөйлей отырып, ҚР Президенттігіне үміткер Нұрсұлтан Назарбаевтың сенімді өкілі "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев:

- «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ұжымын және Жетібай кенорнындағы еншілес серіктестіктер мұнайшыларын Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты бірауыздан қолдауға

"ОСК" ЖШС қызметкері Қыдырғали Демегенов, МГӨБ-3 бастығы Сағынш Тастығараевтар Елбасымызға дауыс беруге шақырды.

Жиынға "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Жас Мамандар Кеңесі белсенді қатысып, мұнайшы көркемөнерпаздардың патриоттық әндерден концерттік бағдарламасын назарға ұсынды.

Кездесуде Жетібай кенорны мұнайшылары алдағы сайлауға белсенді түрде қатысып, тұрақты, дамыған, бейбіт Қазақстан үшін дауыс береміз деп сендірді.



# БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІН БІРГЕ ҚАЛАЙМЫЗ

26 сәуірде кезектен тыс президент сайлауы өтеді. Қазақстанның тәуелсіз 23 жыл ішінде жеткен халықаралық, сондай-ақ ішкі саясаттағы жетістіктерін мұнайшылар Елбасымен байланыстырады. Қазақстан халқына жолдаған соңғы Жолдауында ұлт көшбасшысы барлық деңгейдегі басшыларға нақты тапсырмалар беріп, олардың атқарылу мерзімдерін де атап көрсетті. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері Нұрсұлтан Назарбаевтың айтқан сөздері атқаратын істермен сәйкес келетінін біледі. Бұл дегеніміз, ағымдағы жасылға және келешекке белгіленген мейзелерді бағындыратынымызды айқындайды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мыңдаған адамнан тұратын ұжымымыздың ішінде Президентіміз кезектен тыс сайлауда жеңіске жететінін бір сәт те күмән келтірмейді!

Осы орайда редакция «Қаламқасмұнайгаз» АҚ және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ жұмысшылары арасында «Мен неге Н.Ә.Назарбаевты қолдаймын?» деген тақырыпта сауалнама жүргізген болатын. Төменде осы сауалнаманың қорытындысы бойынша ең жылы лебіздер беріліп отыр.



**Жантәкебаев Дүйсебай - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №1 МГӨК 5-ші дәрежелі операторы**

Мен 26-шы сәуір күні Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевты қолдап, дауыс беремін.

Себебі Президентіміз еліміздегі өнеркәсіптің дамуына, соның ішінде мұнай саласына көп көңіл бөледі. Мұнайшылардың әл-ауқаты жылдан жылға жақсарып келеді. Барлық мұнайшыларды дауыс беруге шақырамын.



**Жексенғалиев Болат - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ГӨДЖТЦ геологы**

Мен, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған еліміз Қазақстанның болашағына нық сенемін. Елбасымыздың ұстанған саясатын және стратегиясын қолдай отырып, сайлауда Н.Ә. Назарбаевқа бірауыздан дауыс беруге шақырамын!



**Ертлиев Ж.М. - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Механикалық цех қырнаушысы**

Мен, Ертлиев Жасан Мұхамедұлы, 20 жылдан астам уақыт Жетібаймұнайгаз өндірісінде еңбек етіп келемін. Еңбек етіп келе жатқан механикалық цехтың жағдайы жақсы.

Балаларымыздың болашағы үшін еңбек етуеміз. Олар – Қазақстанның болашағы! Сондықтан елдің ертені үшін 26-шы сәуірде болатын сайлауға түгелдей қатысайық.

Үміткерлердің арасында Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасы Президенттікке лайық! Біз Елбасымызды қолдаймыз!



**Салахоннова Жанна - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Тұрғын үй пайдалану цехының жатақхана меңгерушісі**

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев президент болып сайланған күннен бастап Қазақстандықтар үшін барлық мүмкіндікті жасаудың қамына кірісті.

Тәуелсіздік алған жылдары кейбір сенімсіздіктер мен қиыншылықтарға қарамастан ел бірлігін сақтап, еңбек ету шараларын, жұмыссыздықты жоюды, жастарды «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде оқытуды қолға алды.

Еліміз шетелдермен тығыз байланыс жасап жана бағытқа көшті. Көптеген жаңа технологиялар енгізіліп, кәсіпкерлерге үлкен қолдау көрсетілді. Елді индустрияландырудың нәтижесінде жоспарланған мерзімнен бұрын алдыңғы 50 елдің қатарына ендік.

Қазір еліміз аса жылдам қарқынмен өсіп, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Осындай халықтың қамын ойлап барлық мүмкіндікті жасап отырған Елбасымызға алдағы сайлауда да бірауыздан дауыс беріп, еліміздегі еңбек қарқынын дамуына өз үлестерімізді қосайық деп ұжымдастарымызды шақырамын!



**Көшбаев Батырбек - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ӨЖГЗБ-ның 3-ші дәрежелі ұңғыларды зерттеу операторы**

Н.Ә. Назарбаев - әр адам өз Отанының дамуына қандай үлес қосып жатыр деген қызықты сауалды көтеріп, осы сұрақтың төңірегінде арқимін ой өрбітуіме мүмкіндік берді. Елбасы айтқандай, қоғамымыз жылдам даму үшін, жан-жақты білімі, еңбеккер азаматтар қажет. Олар көп ұлтты, түсіністік пен тыныштыққа негізделген еліміздің дамуы үшін тапжылмай еңбек етулері керек. Отанымыз өркендесе, онда өмір сүріп жатқан әр азаматтың жағдайы, болашағы жарқын деген болатын. Мен Н.Ә. Назарбаевты қолдап, дауыс беремін.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қаламқас кентіндегі барлық жұмысшыларды 26 сәуірде №152 сайлау бөлімшесінде болатын ҚР Президентінің кезектен тыс өтетін сайлауына белсене атсалысуын сұраймын. № 152 сайлау бөлімшесі спорт кешенінде орналасқан. Сайлауға дауыс беру уақыты сағат 07:00-19:00 аралығында өтетін қаперлеріңізге береміз. Сайлауға байланысты сұрақтарды 214-077, 214-405 телефонымен нөмірлеріңізге хабарласуға болады.

**Ешманов Жолдасбек - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ОИТҚ бастығы.**  
Қаламқас кенорнының №152 сайлау бөлімшесінің төрағасы.



**Бижанов С.Ө. - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы**

**Құрметті мұнайшылар, әріптестер, сайлаушылар!**

Бүгін Елбасының бастамасымен дүниеге келген үлкен реформалар «Қазақстан - 2050», «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты Қазақстанды өркендетуге үлкен септігін тигізуде.

Көшбасшымыздың мақсаты және жүйелі саяси реформаларының нәтижесінде – қысқа ғана тарихи мерзім ішінде Қазақстан табысты мемлекетке айналды.

Бүгінгі күні аймақтарда экономикалық дамудың үлкен резервтері бар, бұл дегеніміз халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді деген сөз. Жұртшылық елде бейбітшілік пен тыныштық, тұрақтылық болғанын қалайды, болашақтан үлкен үміт күтеді.

Осының бәрі Ұлт Көшбасшысының есімімен тығыз байланысты. Бұл даму жолында біздің «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындағы мұнайшыларымыздың еңбегі орасан зор болады деп айта аламын. 54 жылдай атағына, даңқына кір келтірмей келе жатырған біздің ұжым осы жолда жылма-жыл алдына қойып отырған мұнай өндіру жоспарын артығымен орындап үнемі биік көрсеткіштермен алда келеді.

Елбасымыздың «Нұрлы жол» Жаңа Экономикалық Саясаты – дағдарыстық жағдайға көңіл аударудың тиімді механизмі, қор ресурстарын пайдалана отырып дағдарыстан шығудың қадимдық жоспары болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстанымызды құрудағы Елбасымыздың жобасы бүкілхалықтық жобаға айналды, жаңғырудың негізі болды, тек қана қазақтардың ұлттық түлеуіне түрткі болған жоқ, бүкіл Қазақстан ұлттарының өсіп-өркендеуіне себеп болды.

Құрметті мұнайшылар, сайлаушылар, сайлауға бір адамдай қатсайық! Біздің мұнайшылар Тәуелсіз Қазақстан халқының өскелең болашақ бейнесін тек қана Ұлт Көшбасшысымен бірге таңдайды деп айта аламын.

Ұлт басымыз біздің таңдауымыз!



**Қалданова Алмағұл - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №2 МГӨК техник-геологы**

Н.Ә. Назарбаевты Елбасы ретінде оның алға қойған мақсаттары еліміздің өркендетті дамуына бастау алып келеді. Оның «Нұрлы жол»

бағдарламасы аясында даму мен өрлеу жолындағы елді біріктіріп елімізде бейбітшілік, тұрақтылық, ертеңгі күнге деген сенімділікті нығайтатын сөзсіз. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан азаматтарының мүддесін бәрінен жоғары қоятын ұлы тұлға, көреген көшбасшы. Оның маңғыл ел туралы мақсаты да жүзеге асып келеді.

Біз өз болашағымызға сенімдіміз. Оның қазақстандықтарды әл-ауқатты ету жолында жасап отырған шынайы қамқорлығы бізді алға жетелейді. Елбасының жемісті әрі жеңісті жылдары ұзағынан болғай.



**Түлегенов Е. - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехы операторы**

2015 жылы 26-шы сәуірде болатын сайлауға бару, өзіміздің азаматтық парызымыз деп санаймын.

Өлемдегі жағдай және жаһандық сын-қатерлер көптеген елдерде тұрлаусыздық пен алаңдаушылық туғызуда. Сондықтан сайлауды биылғы жылы өткізу Отанымыздың гүлденуі жолындағы мемлекеттік бағыттың кідіріссіз жүзеге аса беруіне себеп болмақ. Бұл геосаяси және экономикалық тұрақсыздықтың еліміздің дамуына теріс ықпал етуінің алдын алуға, халық бірлігін нығайтуға, сондай-ақ билік пен қоғамды «Қазақстан - 2050» стратегиялық реформасының маңызды міндеттерін жүзеге асыруға жұмылдыруға мүмкіндік береді деп санаймын.

Мен осынау тарихи сәтте «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының жастарымен және аға буынымен бірлесіп отырып дұрыс таңдау жасайтынымызға сенімдімін.

Біздің таңдауымыз патриоттықтың, азаматтықтың және мемлекет пен қоғамның келешегі үшін аса жоғары жауапкершілікпен ел басымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс береміз.

Менің таңдауым – ертеңгі жарқын болашағымыз!



**Торбай Ғалымжан - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ГЖКОИЖБ бастығы**

ҚР Президентігіне кезектен тыс сайлауына үміткер Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевты мен қолдаймын. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың президенттік сайлауға қатысуы – бұл патриоттық қадим, елдің тұтастығын сақтау, мемлекетті әрі қарай дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын арттырудың басты міндеттерін шешу үшін экономикамыз тұрақтандырудың, азаматтық жарасым мен әлеуметтік тұрақтылықты нығайтудың қуаты бастауы болып табылатын азаматтық парыз бен жауапкершіліктің айқын көрінісі. Ел алдындағы абыройы, оның саяси даналығы мен терең тәжірибесі, оның тұлғасына деген ел сенімі сайлау науқанының лайықты деңгейде өтіп, Қазақстан азаматтарының еркін таңдау жасауына кепіл болатынына сенімдімін.



**Басчиева К.Б. - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №5 жатақхана күтушісі**

Мен, Басчиева Күміс Баксейітқызы, осы мұнай саласында, тұрғын үй пайдалану цехында 15 жылдай қызмет жасап келемін.

Жағдайым өте жақсы, жылдан-жылға табасым молайып, тұрмысым түзіліп келеді. Балаларым үй болып, нәмере сүйіп, шапшадыман күй кешудемін.

Еліміз тыныштықта, бейбітшілік пен тұрақтылықта осылай тек көрейік, дами берсе екен. Қазақстанның дамыған 50 елі қатарына еніп, одан ілгері қарыштап дамуы, көп ұлтты еліміздің татулығы, бірлігі, басқа шет елдердегі болып жатырған алауыздықтан, соғыстан біздің елдің аман болуы – бәрі біздің Президентіміздің жүргізіп отырған саясатының арқасы деп ойлаймын және осы бағытты үнемі қолдаймын.

Осы сайлауда Елбасының кандидатурасын мақұлдап, қуана дауысымыз беремін.

Баршаңызды Көшбасшымызға дауыс беруге шақырамын!



**Искаков Е. - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ МГӨК-2, шебер**

**Құрметті әріптестер! Құрметті мұнайшылар!**

Қазақстан жалғыз ұлы Қазақтың – деп Сабыр Азай айтқандай, сол әр қазақтың дұрыс өмір сүріп, жайдары күн кешуі Елбасымыздың жүргізіп отырған үлкен саясаты мен көрегендігіне байланысты екені белгілі.

Қазір біздерге жастарға Елбасы үлкен қолдау беріп, әр іске мән беріп келешек үшін бағыт айқындап жол сілтеді, арнайы заңнамалар қабылдады.

Бұл біздерге деген Көшбасшымыздың үлкен қамқорлығы деп білемін. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ұжымы соның ішінде жастардың Елбасының барлық істерін қолдап, баршаңызды Көшбасшымыз Елбасын Н.Ә. Назарбаевты қолдауға шақырамын.

Барлығыңызды Елбасына дауыс беруге шақырамын!  
Біз қуатты Қазақстанды таңдаймыз!  
Біз – Елбасына дауыс береміз!

# МҰНАЙШЫЛАР ӘЗ НАУРЫЗДЫ МЕРЕКЕЛЕДІ

**Жер-дүниені жаңартып, шадыман шаттығын ала келетін көктем мерекесі – Ұлыстың ұлы күнін тойлауды дәстүресе айналдырған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы быыл да Әз Наурызды кең көлемде мерекелеп, ізгілік пен татулық, ынтымақ пен ырыс бастау алатын жыл басымен қауышты. Бейбітшілік пен құт-берекенің арқауы болған Ұлыстың ұлы күнінде Бозашы түбегіндегі «Қаламжас» кен орнында Наурыз мерекесіне лайықталған сахна құрылып, тігілген киіз үйлерде мол дастархан жайылды.**

**ҚАЛАМЖАС.** Мерекелік думанда күнделікті жұмыс киімін ұлттық киімдерге алмастырған мұнайшылар қуаныш пен қызыққа кенеліп, бір-біріне игі тілек айтысты. Елімізге белгілі «Тамаша тарту» театры әртістерінің жарасқан әзіл-қалжыны мен әншілердің әуелеген әні көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Жергілікті өнерпаздар әсем әннен шашу шашып, күмбірлетіп күй тартып, мұнайшылардың көңілін бір серпілтіп тастады. Ақ тілек мен пәк пейілдің мейрамында халқымыздың салт-дәстүрлері дәріптеліп, мерекенің мәртебесін асырды. Мерекенің салтанатты рәсмінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының өндірістік мәселелері жөніндегі орынбасары Қ.Қиынов мұнайшыларды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, көпшілікке ақ тілегін арнады.

– Ырыс-несібесін ала келетін нұрлы Наурыз мерекесінде құт-береке дарып, еліміздің береке-бірлігі арта түссін. Еңбек өнімділігін арттырып, ел ырысын еселей түскен мұнайшылардың еңбегі қашан да құрметке лайық. Компания ұжымының ауызбіршілігі мен еңбекқорлығының арқасында жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Барлығыңыздың отбасыларыңызға амандық-саулық, жұмыстарыңызға табыс тілеймін. Жылымыз бақ-берекелі болсын, еліміз мерейлі қуаныштарға кенеліп, Наурыздан Наурызға аман-есен жете берейік, деді өз сөзінде Қазыбек Кетейбайұлы.

Мерекелік тілекті жалғаған «Қаламжасмұнайгаз» өндірістік басқармасының басшысы Н.Сәрсенбай елімізде тату-тәтті гүмыр кешіп жатқан ұлт пен ұлысты бірлікке ұйыстыратын, татулыққа үндейтін мерекені тойлап жатқан қауымды Жаңа жылмен құттықтады. Берекелі күнде мұнайшыларға бақыт пен денсаулық, отбасыларына амандық тіледі. Мерекелік бағдарламамен өрнектелген думанды кеште «Қаламжасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы №1 мұнай және газ өндіру цехының 5-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы Е.Қанатбаев, кешенді мұнай дайындау және өткізу цехының технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі 5-дәрежелі слесарі Ш.Абдиқадиров «Құрмет грамотасымен», ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстары цехының 3-дәрежелі химиялық талдау зертханашысы Ж.Дүйсенова, пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының технологиялық жабдықтарды жөндеу жөніндегі аға шебері М.Батырбеков пен экология учаскесінің 3-дәрежелі тазалаушысы Қ.Мұқанов, кен орнындағы №1 қоғамдық тамақтандыру цехының 2-дәрежелі асхана жұмысшысы А.Гүлғожаева «Алғыс хатпен» марапат-

талды. Салтанатпен сән құрған Наурызда мере келік көңіл күй құшағында думандатқан мұнайшылар мен қонақтар дастархан басына жайғасып, ұлттық тағамдар мен наурыз көжеден дәм татты. Ұлы күнінде ұлттық спорт түрлерінен ұйымдастырылған жарыстар өткізіліп, мерекенің шайрайын келтірді. Қазақша күрес, кір тасын көтеру, арқан тартыстан жүзде иеленген мұнайшылардың қуанышы еселенді.



**ЖЕТІБАЙ.** Ұлы мерекенің тамырына қан жүгірткен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы жетібайлықтарға бірнеше жыл қатарынан думанды той сыйлап келеді. Биыл да осы үрдістен жаңылмаған өндірістік басқарма ұжымы Мұнайшы ауылының орталық алаңына жағалай киіз үйлер тігіп, қазан-ошақ көтеріп, дархан пейілмен дастархан жайды. Наурыз тойында күмбірлеген күй мен әуелеген ән кернеген алаңға арғылан ағайын төс қағыстырып көрісіп, амандық саулық сұрасып, бір-бірін Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап жатты. Мерекеге жиналған жұртшылық киіз үйлерге түсіп, ақ дастарханнан ұлттық тағамдар мен наурызкөжеден дәм татты.

Мерекелік шараның ашылу салтанатында сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Сунь Синьюнь жиналған қауымды түркі тілдес халықтардың ортақ мейрамымен құттықтап, әр отбасына амандық молшылық елге ынтымақ пен бейбітшілік тілеп, жылы лебізін білдірді. Жыл басының келуімен жиылған қауымды құттықтаған Қарақия ауданының әкімі Ә.Дауылбаев ұйымдастырушыларға алғыс айтып, игі тілегін жеткізді. «Күн мен түн теңеліп, ескінің жаңартатын кезі,

жақсылықтың, шаттықтың бастауы – Наурыз мерекесі құтты болсын, ағайын! Табалды-рығымыздан аттаған Жаңа жыл елімізде тұрақтылық пен татулықтың тұғырын нығайтып, құт-береке әкелсін. Бейбіт өмір мен ынтымақтастықта тұрмыс кешіп жатқан әртүрлі ұлт пен ұлыс өкілдері ырық-несібісін мол ортақ мерекені асыға күтеді. Батыс өңірде Аман мерекесінен бастау алатын Наурыз мейрамы елімізде кең көлемде мерекеленіп, жоғары деңгейде тойланып жатыр. Жылқы жылы ауданымыз үшін жемісті, табысты болды. Жылдан-жылға ауданның әлеуметтік-мәдени әлеуетінің өрлеп, халықтың әл-ауқатының жақсаруына «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қосқан үлесі зор» деген Әділбек Құлынтайұлы Наурызды өзіндік сән-салтанатымен, думанды

марапатталды. Әз Наурызға арнайы шақырылған «Тамаша тарту» театрының әзіл-қалжыны мен аудан өнерпаздарының ұсынған концерттік бағдарламасы көпшілікке мерекелік көңіл күй сыйлап, думанды тойдың сәнін келтірді. Ұлттық нақыштағы ою-өрнекпен көмкерілген бүрмелі көйлек, камзол, бешпеттегі қыз-келіншектер мен апа-жеңгелер, шапан киген ата мен қимешек тағынған әжелер Наурыз тойды айшықтай түсті. Қаз-қатар тігілген ақшаңқан үйлерде ақ тілегін жетектеген меймандар дастархан дәм татып, игі күндерде кездесуді тілек етті.

Түркітілдес халықтарда дархан жүректен, ізгі ниетпен берік орныққан мерекені қарсы алған ауылдағы ағайынның тойы спорттық ойындармен жалғасын тапты. Булшық еті шыныққан азаматтар кір тасын көтеріп, арқан тартысып, білек күшін көрсетті. Боз кілемде белдескен палуандар да ептіліктерін байқатты. Той-думанның ажарын кіргізген ұлттық ойындар тартысқа толы болып, жанкүйерлердің қолдауы спортшыларды жігерлендірді. Сонау Алматыдан театр тарландарын шақыртып, салт-дәстүрімізді дәріптеген дүбірлі тойды өткізуге мұрындық болған, ынтымағы жарасқан ұжымның ұйымшылдығына жетібайлықтардан риза. «Ата-баба дәстүрін жалғап, салтын сақтап, жыл сайын Әз Наурыздың жоғары деңгейде өткізілуіне аса ден қоятын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ аудан тұрғындары атынан алғысымызды айтамын. Татулықтың, ізгіліктің, еңбектің мерекесі – Ұлыстың ұлы күні Қызыр ата табадлырықтан аттайды. Ренжіскен ағайын-туыс өкпе-наздарын ұмытып, татуласады. Жаңа жылды жақсы ұмытпен, ізгі ниетпен күтеміз. Ең бастысы, елімізде тыныштық, бейбітшілік болсын деп тілеймін. Төрт түлік төлдеп, ақ мөлаятын кезді қарсы алған көпшілік ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуға үлесін қосып жатыр», деді Жетібай ауылының тұрғыны Г.Дағыстанова.

Жетібайды әсем әуенге, ән-жырға бөлеген Наурыз мейрамын мерекелеген жамағат жақсылыққа ниет етіп, ескі жылмен қоштасып, Жаңа жыл басымен қауышты. Мерекелік шарадан кейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен аудан әкімі Ә.Дауылбаев бастаған бір топ ел ағалары Ұлы Отан соғысы ардагеріне теңестірілген Жетібай ауылының тұрғыны Ш.Қалбаевтың отбасында болып, қарияны Аман мерекесімен құттықтап, сыйлық табыстады. Қонақтар дастархан үстінде көпті көрген қартпен емен-жарқын әңгімелесіп, ақ батасын алды.

Наурыз мерекесіне орай компания ұжымы Ақтау қаласындағы халықтық мерекеге де белсене араласты. Теңіз жағалауындағы киіз үй қалашығында үй тігіп, наурыз көже таратып, мерекелік дәм тартты. Сондай-ақ Аман күнберіінде Басқарма басшылары Қамқа Ұмбеталина, Ләйла Марабаева сынды мұнайшы ардагерлердің отбасында мерекелік тілекпен бөлісті.



# КОМПАНИЯ МҮДДЕСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

(«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Құқықтық қамсыздандыру департаменті директорының орынбасары Д.Бейсембинмен сұхбат)



Суретте: (сол жақта) құқықтық қамсыздандыру департаменті директорының орынбасары – Бейсембин Д.Т. және (оң жақта) құқықтық қамсыздандыру департаментінің директоры – Дауленбаева А.Б.

**- Дәурен Төлегенұлы!**  
Әңгімемізді департаменттің негізгі міндеттерінен бастасақ...

- Ешкімге де құпия емес, басты міндетіміз - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мүдделері мен заңды құқықтарын қорғау болып табылады. Әсіресе қазіргі жағдайда уақытылы жоғары дәрежеде құқықтық жағынан қамтамасыз ету болмаса, келеңсіз жағдайлар орын алмас үшін мүмкін заңды тәуекелдерді барынша азайту мәселелерінің алдын алып отырмаса, Компанияның бизнесті табысты жүргізуі мүмкін болмас еді. Компания өзгелерден ерекше емес. Сондықтан оны құқықтық қамтамасыз ету мәселелері Құқықтық қамсыздандыру департаментіне жүктелген.

**- Департаменттің құрылу, өзгеру кезеңдерін де айта кетсеңіз.**

- Департамент тарихына үңілер болсақ, сонау «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінің атауы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы болғаннан бастау алады. Сол кездерде Қоғам құрамында Басқарманың орындаушы аппаратының заң бөлімі ретінде пайда болып, содан кейін 1999 жылы Заң қызметі болып қайта құрылған. Заң қызметі талап-арыздар, құқықтық-келісім-шарт, кураторлық бөлімдерден құралған.

Уақыт өте келе Қоғам өміріне кеңірек араласа бастаған соң, Заң қызметінің міндеттері көбейе түсіп, 2007 жылдың желтоқсан айында оған корпоративтік басқару функциялары қосылып, Заң қызметі Құқықтық қамсыздандыру және корпоративтік басқару басқармасы болып өзгертілді.

2009 жылы шетелдік қатысуы бар жаңа акционер «Mangistau Investments B.V.» келуіне байланысты, Қоғамда құрылымдық өзгерістер болып, сонанмен қатар, Құқықтық қамсыздандыру және корпоративтік басқару басқармасының атауы Құқықтық қамсыздандыру және корпоративтік басқару департаменті болып өзгертіліп және оның құрамы 4 бөлімнен құралды: кураторлық жұмыстар бөлімі, келісім-шарттар бөлімі, дауларды шешу бөлімі және корпоративтік басқару бөлімі.

2014 жылдың тамыз айында Қоғамда Корпоративтік хатшы қызметі құрылуына байланысты, корпоративтік басқару функциялары жаңа құрылған Корпоративтік хатшы қызметіне беріліп, департамент құрамынан шығарылды.

Ал Құқықтық қамсыздандыру және

корпоративтік басқару департаментінің атауы Құқықтық қамсыздандыру департаменті болып өзгертілді.

Құқықтық қамсыздандыру департаментінің қазіргі құрамы 14 қызметкерден құралып, кураторлық жұмыстар бөлімі, келісім-шарттар бөлімі, дауларды шешу бөлімдерінен тұрады.

Қоғамның кез келген қызметті жүзеге асыру барысында, жасалынатын барлық істерге, коммерциялық тұрғыдағы іскерлік-бизнес жұмыстары мен қаржы-шаруашылық саласында да, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен үйлесімді жұмыс жасау кезінде де заңгерлерді қоса отырып жұмыс жасау талап етіледі. Департамент алдында жаңа және күрделі мәселелер қойылса да, кез келген мәселелерді іске асыру барысында Департамент қойылған мақсаттарына кешенді талдау жүргізе отырып, жоғарғы нәтижеге қол жеткізіп келеді.

**- Күнделікті басшылыққа алып отырған негізгі мәселелерді атасаңыз?**

Департаменттің негізгі мәселелерін атап көрсетуге болады:

- Қоғам қызметіндегі барлық жұмыстардың заңды болуын қамсыздандыру;

**Департаменттің ұжымы**



- Қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

- Қоғамның құқықтық мәдениетін дамыту және қоғам мүлкін құқықтық нысанда қорғалуын қамтамасыз ету;

Департаменттің міндетті жүзеге асырылатын мәселелері шеңберіне:

- қолданыстағы заңға, жарғыға және Қоғамның корпоративтік құжаттарына сәйкес, ішкі құжаттарға құқықтық талдау жасау,

- Қоғамның қызметіне байланысты құқықтық мәселелер туындаған жағдайда құқықтық қорытындылар дайындау және қолданыстағы заңнамаға сәйкес кеңестер беру,

- «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қатысқысы келетін барлық қызметкерлерімен бірге, заңнаманың ең көкейкесті сұрақтарына сараптама жасау және заңнаманың мониторингін Қоғам басшыларына таныстыру арқылы заңдылықты қамтамасыз ету.

Қоғамда корпоративтік хатшы қызметі құрылса да, әлі күнге дейін құқықтық қамсыздандыру департаменті корпоративтік басқарма жұмыстарын қамтумен айналысады, анығырақ, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының барлық даусы бер (жай) акцияларын иеленуші Акционерлер мен

Директорлар кеңесіне және «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының басқармасына қарауға жіберілетін құжаттарды қарау жұмыстарын жүзеге асырады. Сондай-ақ директорлар кеңесі (бақылаушы кеңес) мен қатысушы акционерлердің жалпы жиналысына (Жалғыз Акционер) қаралуға жіберілетін еншілес және тәуелді ұйымдардың сұрақтарына құқықтық қамту жасайды.

Департаменттің ең маңызды бағыттағы жұмыстарына, бұл Қоғаммен жасалатын келісім-шарттарды және қосымша келісімдерді құқықтық қамту жасау, онымен қоса келісім-шарттар жасау кезінде сұрақтар туындаған жағдайда құқықтық қорытындылар дайындау.

Жұмыстардың маңызды көлемін сатып алу сұрақтарына құқықтық қамтуды жүзеге асыру қызметтері жатады. Құқықтық қамсыздандыру департаментінің басшылары тендерлік комиссияның тұрақты мүшелері болып табылады.

Қоғамдағы талап-арыз жұмыстары түгелдей дерлік дауларды шешу бөліміне жүктеледі, яғни Қазақстан Республикасының барлық соттарында және мемлекеттік органдар мен мекемелерде Қоғамның құқықтары мен заңды



Әріптестер жұмысты талқылауда

сұрақтары Қоғам пайдасына орай шешілді;

- Департамент посткеңестік кеңістікте салынған мүліктің нысандарды тіркеу қайта жаңғыртылып, нәтижесінде 37 мүліктік-нысан тіркеуден өтті.

- келісім-шарт міндеттемелерін жүзеге асыру аясында 800 млн. теңгеден астам көлемде айыппұлдар қайтарылды;

- Департаментпен жүргізілген Қоғамның ішкі құжаттарына құқықтық талдау жасалып, нәтижесінде 111 ішкі құжаттар бекітілді (ережелер, стандарттар, нұсқаулар, және т.б. Қоғам жұмысшыларының лауазымдық нұсқаулықтарын қоспағанда) және бұйрықтар (өндірістік, жеке құрам бойынша, сатып алу шараларына қатысты және т.б.).

- 2000 келісім-шарт жобасы қарастырылып, оның 1900-ден астам келісім-шарттар мен меморандумдар мен басқа да қосымша келісімдер жасалып тіркелді;

- корпоративтік рәсімдерді дайындау аясында тұрақты негізде, құқықтық сараптама жасалды; (Қоғамның жобаларының шешімдері, күн тәртібіндегі қарастырылатын мәселелер мен түсіндірме хаттар)

- осы жылы 307 сенімхат тіркеліп берілді.

- Акционерлердің құзіретіне бес жылдық бизнес-жоспар бекіту туралы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының жарғысына толықтырулар енгізіліп тіркелді.

Сонымен қатар айта кететін жайттар, Қоғамдағы департаменттердің ішіндегі ең жас қызметкерлерден құрылған ұжым бола тұра, Департаменттің әрбір қызметкері өзіне жүктелген жұмыстарды ең жоғары деңгейде жүзеге асыруда.

Сонымен қатар, Департаментте 10 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан қызметкерлер бар екенін қоғамда бірі білсе, бірі біле бермейді. 2001 жылдың 5 қарашасында Жумағалиева Актоты Бегеровна «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Заң қызметінің талап-арыздар тобына заңгер қызметіне жұмысқа алыннып, осы күнге дейін абыройлы қызмет етуде.

Осылайша, Департамент ұжымының уақытылы және толыққанды жұмыс жасау нәтижесінде Қоғамға пайдасын тигізе отырып, 2015 жылы құқықтық қамсыздандыру департаменті алдында өткен жылдан кем емес дәрежеде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының табысты жұмыстар жүргізуіне мол үлестерін тигізуде.

**- Әңгімеңізге рахмет!**



Айтуар Өтегенов, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



## МҰНАЙ ӨНДІРҮДІ АРТТЫРУ ЖОЛЫНДА

(«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік департаментінің қызметі жайлы)

Мұнай – еліміздің экономикасының негізі және басты байлығының бірі. Қазіргі жағдайда инновациялық технологияларды өндіріске кеңінен енгізу – мұнай компанияларының технологиялық белсенділігін арттыру көздерінің бірі болып табылады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылары алдында тұрған басты мақсаттарының бірі – мұнай өндіруге кететін шығынды азайтудың жолдарын таба отырып жұмыс істеу болса, оның өндірістік департаменті өз қызметін осы мақсатқа сай жүргізіп келеді деуге толық негіз бар.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік департаменті 2010 жылдың ақпанында құрылған, ол өндірістік-техникалық бөлімі, бас механиктік бөлімі және энергетикалық бөлімінен тұрады. Департаментті де, оның бөлімдерін де өз ісін жетік білетін, тәжірибесі мол мамандар басқарады. Департамент директоры Юй Хунцзян, директордың орынбасары Жаңбыршин Бауржан Терекбайұлы, бөлім басшылары Даутов Талғат Аманұлы, Ишанов Ғарифолла Нығметұлы, Имангаев Нұрбек Сейтқалиұлы, өзге де инженер-техник қызметкерлер өздеріне жүктелген міндеттерді, яғни, Қоғамның мұнай мен газ, су өндірудегі, технологиялық процестерді химияландыру, ұңғыларды жерасты жөндеу және оңтайландыру, т.б. жөніндегі стратегиялық және бизнес-жоспарларды компанияның өзге департаменттерімен бірлесіп отырып жүзеге асыруда.

Соның нәтижесінде компания бойынша өткен жылдардың мұнай, газ, су өндіру және тапсыру жоспарлары артығымен орындалды. Атап айтқанда: 2013 жылы жоспардағы 6 001 мың тонна орнына 6 076,840 мың тонна «қара алтын» өндірілді, оның 75,840 тоннасы артық өндірілді. Ал 2014 жылы жоспардағы 6 151 мың тонна орнына 6 273,337 мың тонна «қара алтын» өндірілсе, оның 122,337 тоннасы жоспардан тыс. Сөйтіп, 2014 жылдың 24 желтоқсанында «НК «ҚазМұнайГаз» АҚ еншілес кәсіпорындарының ішінде бірінші болып жылдық межелден шықты.

Акционерлік қоғам бойынша жыл сайын мұнай өндіруге кететін шығынды азайту үшін ұңғылардың жөндеуаралық мерзімін ұзартатын, қондырғылардың қызмет мерзімін ұзартатын өндірістік бағдарлама жасқалды. Ол бағдарлама өндірісті модернизациялауға, өндірістік мәселелерді шешетін жаңа технологияларды өндіріске енгізуге бағытталды. Қоғам басқармасы – Бас директор Сунь Синъюньдің, Бас директордың бірінші орынбасары Иманбаев Бақыт Алтайұлының, бас директордың өндірістік мәселелер бойынша орынбасары Қиынов Қазыбек

Кетебайұлының қолдаулары нәтижесінде төмендегі жобалар өндіріске енгізіліп, өз нәтижесін берді: 200 текше метрге дейін мұнай өндіруге негізделген ННАВ-95 штангілік сорап «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша өткен жылы 12 ұңғыға енгізіліп, одан 8178,4 тонна қосымша мұнай өндірілді. Осы кенорынның №2235 ұңғысына «Теплотехник» ЖШС шығарған ЛПШН сорабын құру арқылы, сол бойда 400 тонна қосымша мұнай алынды. Нәтиже жаман емес. Күні бүгін ұңғы жерасты жөндеу бригадасының келуін әлі қажет еткен жоқ.



(ЦНС) модернизациялау арқылы сораптардың қуаты сағатына 180 текше метрден 240 текше метрге дейін өсті. Тек қана 8 сорапты модернизациялау нәтижесінде компания бойынша оның экономикалық тиімділігі 276 362 708 теңге болды. 2013 жылдан 2015 жылдың 01 қаңтарына дейін 24 дана ЦНС 180-1050-ден 240-1050-ге модернизацияланды. Ал энергетикалық бөлімнің басты міндеті – «Маңғыстаумұнайгаздың» мұнай кәсіпшіліктері мен әлеуметтік-әкімшілік нысандарын үзілмейтін сенімді энергиямен қамтамасыз етуді ұйымдастыру. Қаламқас және Жетібай кенорындарын сенімді электрмен қамтудың акционерлік қоғам бойынша 2013-2018 жылдарға жасқалған перспективалық жоспары бар.

Өндірістік-тәжірибе жұмыстары шеңберінде 2014 жылы «Қаламқас-мұнайгаз», «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ ұңғыларына «НГСА» ЖШС шығарған интеллектуалды басқару стансасы (ИСУ) енгізілді. Бұл әдісті қолдану мұнай өндірудің тиімділігін арттырады, өндіруді оңтайландырады, жабықтарды автоматтандырады. Өткен жылы су айдайтын Қаламқастағы №5060 ұңғыға, Жетібайдағы №243 ұңғыға сорап-компрессорлық тұрбаларды коррозиядан қорғайтын YGN-1 KHP тигіт протекторлық анод енгізілді. Протекторлық анод енгізу сорап-компрессорлық тұрбалардың (НКТ) қызмет мерзімін ұзартты. «Шыны пластикалық тұрбалар зауыты» ЖШС шығарған шыны-пластикалық тұрбаларды қолданудың экономикалық тиімділігі жоғары, коррозияға төзімді, пайдалану мерзімі ұзақ, тасымалдау, монтаждау, жөндеу шығындары аз.

Осындай инновациялық жобаларды өндіріске енгізудің нәтижелері акционерлік қоғамның қызмет көрсеткіштерін жоғарылатты. Бірінші кезекте ұңғылардың жөндеу-аралық мерзімі ұзартты. Атап айтқанда оның өндіретін ұңғылардың өткен жылы жөндеуаралық мерзімі «Жетібай-мұнайгаз» 127 күннен 157 күнге дейін, «Қаламқасмұнайгаз» 335 күннен 348 күнге дейін ұзартты. Бас механик бөлімінің мұнай өнеркәсібіне қажет құрал-жабдықтарды бюджетке сай сатып алумен, алынған тауарлардың сапасымен, т.б. айналысады. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында кенқабаттарына су айдау жоспары өсуіне байланысты ортадан айналатын секциялық сорапты



Өткен жылдың аяғында Қаламқас кенорында пайдалануға берілген қуаты 2x45МВт ГТЭС нысаны кенорын электр энергиясымен сенімді қамтамасыз етеді, энергияға кетер шығынды үнемдейді, яғни, энергия өндіруді «МАЭК-Казатөпром»), оны жеткізуді («МРЭК» АҚ) мекемелерге төленетін шығынды 64 пайызға азайтады.

Айтуар Өтегенов,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі

## «КӨКТЕМ-2015» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

«Көктем-2015» республикалық командалық - штабтық оқу-жаттығу аясында 2015 жылдың наурыз айының 6-шы жұлдызында Маңғыстау облысы бойынша төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары полковник Қосбаев Қажымұқан және төтенше жағдайлар бөлім бастығы полковник Муханбетов Манарбек қатысуымен Қаламқас өндіріс орны «Қаламқасмұнайгаз» басқармасының өндірістік аумағындағы судан қойма тоғанының аумағында «Қаламқас өндіріс орнындағы тоғанның бұзылуынан туындаған, апаттық салдарын жою» тақырыбында кешенді жаттығу жүргізілді.



Оқу-жаттығудың алған қойған мақсаты: Қаламқас өндірістік аумағында судан қойма тоғанының бұзылып, су тасқыны кезінде орын алған төтенше жағдайларды жоюға апаттық-құтқару командасының, медицина, азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар қызметтерінің қаншалықты дайын екендігі тексеріліп және олардың қабілеттілігін арттыру болып табылады. Оқу жаттығу барысында аталған қызметтердің төтенше жағдайлар кезінде жедел қимылдау, апаттық құтқару, медициналық көмек көрсету практикалық деңгейлері пысықталды. Су тасқыны кезінде орын алған төтенше жағдайлар салдарын жою үшін жасқалған жоспар нақтыланып және іс-әрекет ету қимылдарды шұғыл ұйымдастыру, материалдық құндылықтарды сақтау сынды жұмыстар жүргізіледі.

Жаттығуға Қаламқас өндіріс орны аймағында орналасқан барлық шаруашылық объектілері жұмылдырылды.



2015 жылдың наурыз айының 6-шы жұлдызында таңғы сағат 8-де «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ орталық инженерлік техникалық қызметіне судан қойма тоғанының бұзылып, МГӨК-4 мұнай ұңғымаларын су басу қаупі туындағаны туралы «Дауылдық ескерту» дабылы келіп түсті.

«Дауылдық ескерту» дабылы түскеннен кейін, шұғыл құтқару жұмыстарына кіріскен «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар қызметі, Қаламқас вахталық поселкасының дәрігерлік амбулаториясы, қауіпсіздік қызметі және «Ойл Констракшн Компани» ЖШС транспорт және арнаулы техникалар басқармасы, «Мұнайтелком» ЖШС автоматтандыру және байланыс цехы, «Ойл Сервис Компани» ЖШС сервистік мекемелердің төтенше жағдайлар кезінде жедел іс-әрекетке көшіп құтқару жұмыстарын жүргізу шараларына баға беріліп, төтенше жағдайға қаншалықты дайын екендігі тексеріліп және пысықталды.

Апаттық-құтқару жұмыстарының жоғарғы дәрежеде жүргізілгендігін нәтижесінде МГӨК-4 мұнай ұңғымаларын су басу қаупі сөйлеп, ол туралы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығына баяндалып және «Күнделікті жұмыс тәртібіне ету туралы» өкім шығарылды. Өкімнен соң жаттығуға қатысушылар жиналып, техникалар тұрақты орнына қайтарылды.

Оқу-жаттығуда жоспарланған барлық тапсырмалар орындалып, зардап шегушілер құтқарылып, апаттық жағдай жойылды. Осылайша азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметінің ұйымдастыруымен өткен «Көктем-2015» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу шарасы жақсы деңгейде өтіп, өз мөресіне жетті.

# ХҰҰ ҒА ҒА БТ КҰ ҒА АҚ АҚ АҚ БТ З!

## 60 жас

Масакбаев Қожаакмет Садуақасович 21 сәуір, ПҚЖПЦ газбен кесуші

## 55 жас

Журибаева Даматкен, 03 сәуір, ӘМжӘДД 2-ші дәрежелі электрондық-есептеу және есептеу машинасының операторы  
Ақшабаева Бибигүл Алғалиевна, 05 сәуір, САЖМТЖД реттеуші  
Алибекова Майра Ақажановна, 20 сәуір, ӘМжӘДД өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы  
Ертилиева Нурбиби Мухаммедовна, 20 сәуір, МӨӨЦ сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғының операторы

## 50 жас

Қуц Евгений Михайлович, 07 сәуір, ПҚЖПЦ технологиялық жабдықтарды жөндеу аға шебері  
Қумарова Калия Аягановна, 09 сәуір, ОИТК мұнай және газ өндірулі басқару пультінің операторы  
Алкамов Жанбыр, 12 сәуір, ҚД 4-ші дәрежелі жүргізуші  
Жумажан Жүсіп Мұратбайұлы, 21 сәуір, ҚК диспетчер қызметінің операторы  
Бижан Жолдыхан Шотанұлы, 23 сәуір, ҚД 4-ші дәрежелі жүргізуші  
Қушқимбаев Амангельды Есенғалиевич, 22 сәуір, ТСДЦ 4-ші дәрежелі электржазбендікерлеуші  
Муканов Атанияз Кунеевич, 25 сәуір, ҚКД 4-ші дәрежелі ғимаратқа кешенді қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмысшы  
Қырымқұлов Сайфулла Тулекович, 25 сәуір, ҚД 4-ші дәрежелі автокөлік жүргізуші  
Айтжанова Салтанат, 26 сәуір, МжсМӨД 3-ші дәрежелі жанармай құю станциясының операторы  
Глеубаев Еркінбек Айсевич, 26 сәуір, ПҚЖПЦ шебері

## Қазақ деген бәрі де!..

(Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің мақалымен...)

Ойларым-ермек,  
Ащы үнім-кермек,  
Үн-түңсіз іштей егілем.  
Үңгілім қалып,  
Өткенге налып,  
Адастың неге дерт өлең.

Намысты қайрап  
Қаруды сайлап,  
Белді бекем буынғам.  
Арым таза,  
Арам ой -қаза  
Қолдай көр мені, Я, Аллам!

Ақының жетім,  
Өкіңсең өкін  
Бәрібір ешбір қайран жоқ.  
Үмітім-жел,  
Шабытым-сел,  
Бағытым тура -айдын көк.

Достарым көпті,  
Дұшпаным епті  
Аңдысып ауыз жаласқан.  
Өзектен тепті  
Сенімнен кетті,  
Дос деген жан қасымнан.

Ішкенім-ірің,  
Жегенім-желім,  
Қайғымен болдым тым жолдас.  
Жасанды қылық  
Көңілде сырық,  
Бәріне -бәріне жаным қас.

Құлазып өмір  
Құлазып көңіл,  
Біртүрлі болып мен жүрмін.  
Жабырқап жаным,  
Қарайып қаным,  
Жалғыздық кебін кидім мен.

Абайша жырлап,  
Абайша толғап,  
Шаңына жету арманым.  
О,Ағайын!  
Уа, Жамағат!  
Дұрайман жырмен қолдайын.

Көсіле шауып,  
Кетердей қауып,  
Көк адыр белді шаң қапты.  
Ұранды жерім,  
Қаймықпа елім,  
Күте біл деймін, «қынаптағы алмасты».

Алашым-Арым,  
Көк Түрік -бағым,  
Сынып келем әлі де!  
Батыр да -ҚАЗАҚ  
Ақын да -ҚАЗАҚ  
ҚАЗАҚ ДЕГЕН БӘРІ ДЕ!

Кемалова Жаннат,  
Әлеуметтік даму  
және әкімшілік мәселелер  
департаментінің стажеры

## Құрметті әріптестер!!!

Өндірістің қауіпсіздік қағидаларын сақтаған кезде ғана қауіпсіз еңбек жағдайын тудырады.

- Ешкім зардап шекпеуі керек!
- Жұмысқа кірісер алдында ойлан!
- Жұмысты қауіпсіз орында, не оны мүлдем орындама!
- Жұмысты қауіпсіз орындауға әрдайым уақыт табылады!
- Күмәнің болса, анықта! (Сұра)

## Уважаемые коллеги!!!

Создание безопасных условий труда возможно лишь при соблюдении принципов безопасности производства.

- Никто не должен пострадать!
- Подумай, прежде чем выполнять работу!
- Выполняй работу безопасно, либо не делай ее совсем!
- Всегда есть время выполнить работу безопасно!
- Если сомневаешься, выясни! (Спроси)



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі:  
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ  
Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: Е.Қонақбаева  
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., № 1 үй,  
тел:  
211-736,  
212-194, 211-938.

Газет айына 1 рет шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР  
Мәдениет және  
ақпарат  
министрлігінде  
есепке  
қойылып,  
№ 9675 - Г  
күлгілі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
■ Жарияланған материалдарды сілтөмесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
Индексі: 64265  
Таралымы: 1500

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтау қаласы,  
22 ш.а.  
тел: 750750  
Тапсырыс:  
2297